

**Жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарынан білім беру ұйымдарын бітірушілерді еңбекке орналастыру және тұрғын үймен қамтамасыз ету туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 желтоқсандағы N 1882 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 ақпандағы N 159 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.02.19 N 159 Қаулысымен.**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Z990389\_ Заңын жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды еңбекке міндетті орналастыру және тұрғын үймен қамтамасыз ету бөлігінде іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. "Әлеуметтік қорғауға мұқтаж адамдарды жұмысқа қабылдау үшін ұйымдарға ең аз жұмыс орындарын (квота) белгілеу мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 маусымдағы N 855 P990855\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 29, 279-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:  
көрсетілген қаулының қосымшасында:

2-тармақ "тұратын адамдар," деген сөздерден кейін "жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарынан білім беру ұйымдарын бітірушілер" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарынан білім беру ұйымдарын бітірушілерді еңбекке орналастыру мүмкіндігін анықтау мақсатында, меншік нысанына қарамастан, қалалық және ауылдық жерлерде кәсіпорындар мен ұйымдарға зерттеу жүргізісін;

2) жоғарыда көрсетілген мәселелер бойынша талдауды, жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарынан білім беру ұйымдарын бітірушілерді жұмысқа жіберу үшін, жыл сайын оқу жылының аяқталуына екі ай қалғанда Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне ұсынсын;

3) жұмыс істеп тұрған ұйымдарда, меншік түріне қарамастан, жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарынан білім беру

ұйымдарын бітірушілер үшін жұмыс орындарын квоталауды қамтамасыз етсін;

4) жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарынан білім беру ұйымдарын бітірушілерді еңбекке орналастыру және тұрғын үймен қамтамасыз ету жөнінде басқа да қажетті шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Қазақстан

Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп, жыл сайын IV тоқсанда Қазақстан Республикасының Үкіметін осы қаулының орындалу

барысы туралы хабардар етіп отырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.